9
**Сарапшы пікірі: Жаңа Конституция жобасында қандай өзгерістер бар?**




11
**Өңірде көктемгі су тасқынына дайындық күшейтілді**



16+

# DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

Altainews
MEDIA CENTRE

1931 жылдың 24 қазанынан шығады №6 (18566) 5 ақпан 2026 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

13

# ШАЛҚАР МҰЗЫНДАҒЫ ШАТТЫҚ

16
**Мұқағали-95: Қара өлеңнің қағаны**

14
**Цифрлық болашақ мектеп партасынан басталады**







#ӘЛЕУМЕТ

# 2025 жылы МӘСҚ-дан 29,5 млрд теңге төленді

**Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) Әлеуметтік кодексте көзделген әлеуметтік қатерлер туындаған кезде 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін іске асырады.**

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары төлеушілер, яғни жұмыс берушілер қызметкерлері үшін, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар өзі үшін және басқалар төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі 5%-ды құрайды.

2025 жылдан бастап жүйеге нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар кірді.

2026 жылдан бастап жүйеге Салық кодексінде көзделген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлғалар танылатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (АСР) қолданатын адамдар кірді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырған есепті айда алған кірісі олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 1% мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

Республика бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне шамамен 6,9 млн жұмыс істейтін азамат қатысады және 1,3 млн астам адам 2025 жылы МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алды.

Жүйе МӘСҚ-тан екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемді көздейді – қызметкер жалпы еңбек қабілеттілігінен айырылған жағдайда, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда, оның асырауында болған отбасы мүшелеріне тағайындалатын асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алады.

Бұл төлемдер мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу бойынша бюджет қаражаты есебінен базалық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер Үкімет шешімі бойынша жыл сайын арттырылып отыратынын атап өту қажет. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап аталған төлемдер 10%-ға арттырылды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2575 мың еңбекке қабілеттілігінен айырылған және 2892 мың асыраушысынан айырылған отбасы үшін әлеуметтік төлемдер автоматты режимде арттырылды.

Өңірде 2025 жылы 3340 адам еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны үшін 1,6 млрд теңге, асыраушысынан айырылғаны үшін 3223 отбасы 1,6 млрд теңге көлемінде әлеуметтік төлем алды.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Осылайша, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бір жарым жасқа дейінгі баланың күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

2025 жылы өңірде 5429 болашақ ана жалпы сомасы 9,4 млрд теңгеге жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем алды, ал бала күтімі бойынша 15915 адам жалпы сомасы 10,9 млрд теңгеге әлеуметтік төлем алды.

Мансап орталығы жұмыссыз ретінде тіркеген жағдайда жұмыстан шығу себептеріне қарамастан, тағайындалатын жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем жүйеге қатысушы үшін маңызды қолдау болып табылады. Шығыс Қазақстанда 2025 жылы 14207 адам жалпы сомасы 6 млрд теңгеге аталған төлемді алды.

Осылайша, 2025 жылы МӘСҚ-тан Шығыс Қазақстан облысы бойынша 29,5 млрд астам теңге төленді.

Әлеуметтік қатер туындаған кезде әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр қатысушыға жеке есептелетінін және МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдардың уақтылы мен толық төленуіне тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар үшін МӘСҚ-ға түскен әлеуметтік аударымдар сомасын тұрақты негізде тексеру маңызды.

Бұл бүгінде egov.kz электрондық үкімет порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары арқылы онлайн режимде, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері немесе МӘСҚ филиалдары арқылы офлайн режимде қолжетімді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен сұратылады.




Осылайша, тиісті төлемдерді алу үшін үйден шықпай-ақ, қағаз жүзіндегі құжаттарсыз онлайн режимде жүгінуге болады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша МӘСҚ ұсынған электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтердің үлесі 70%-дан асты.

Бұдан басқа, 2025 жылғы 15 қазаннан бастап әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде тағайындау жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды, оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін бір жұмыс күніне дейін қысқарту және әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың негізгі кезеңдерін оңтайландыру есебінен процестердің ашықтығын арттыру.

Жоба egov.kz электрондық үкімет порталы, enbek.kz электрондық еңбек биржасы, екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары мен проактив арқылы келіп түскен өтініштер негізінде қалыптастырылатын электрондық іс макеттерін қамтиды.

Электрондық өтініштер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде кешенді тексеруден өтеді. Жүйе төлемдерді алу құқығының басталғанын, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және дұрыс төлеуді, сондай-ақ құжаттардың толық топтамасының болуын автоматты түрде растайды.

Егер өтініш белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, шешім автоматты түрде қабылданады, содан кейін өтініш берушіге SMS-хабарлама жіберіледі. Жүйеде қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, электрондық іс макеті автоматты түрде МӘСҚ филиалдары мамандарының қарауына беріледі.

Пилоттық жоба әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы ғана емес, тағайындаудан бас тарту, төлем мөлшерін қайта есептеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдерді автоматты түрде қабылдауды көздейтінін атап өткен жөн.

Сондай-ақ МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша консультативтік-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша облыста еңбек ұжымдары және халықпен 222 іс-шара, 3 «Ашық есік күні» өткізіліп, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен 269 өтініш қаралды.

Жалпы МӘСҚ-тың негізгі міндеті – әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдердің әділ мөлшерін алу мақсатында халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ның ШҚО бойынша филиалы**

#ҚАУІПСІЗДІК

# Мамандар сақтық шараларын еске салды

**Жылыту маусымы кезінде тұрғын үйлердегі қауіпсіздік мәселесі ерекше маңызға ие болады. Әсіресе пешпен жылытылатын үйлерде көмірқышқыл газымен улану қаупі күрт артады. Осыған байланысты Өскемен қаласының төтенше жағдайлар басқармасы тұрғындарды барынша сақ болуға шақырып, алдын алу шараларын күшейту қажеттігін ескертеді.**

Көмірқышқыл газы – аса қауіпті, көзге көрінбейтін әрі иіссіз газ. Дәл осы ерекшелігі оны одан сайын қауіпті етеді. Адам оны сезбейді, ал улану белгілері көбіне кеш байқалады. Көмірқышқыл газының аз ғана мөлшері-ақ өмірге қауіп төндіруі мүмкін. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын жылыту маусымында көміртегі тотығынан улану деректері тіркеледі, кей жағдайда қайғылы жағдайлармен аяқталады.

Мамандардың айтуынша, көмірқышқыл газдың негізгі шығу көздері – ақаулы пештер мен газ жабдықтары, бітелген немесе дұрыс тартпайтын мұржалар, жеткіліксіз желдету, сондай-ақ газ плитасын жылыту құралы ретінде пайдалану. Сонымен қатар гараж ішінде моторы жұмыс істеп тұрған көлікті ұзақ уақыт қалдыру да қауіп тудырады.

Көп жағдайда тұрғындар қауіпсіздік талаптарын елемей, уақытша қолайлылықты таңдайды. Мәселен, салқын түскен кезде газ плитасын қосып жылыну немесе мұржаларды уақтылы тазаламау орны толмас салдарға әкелуі мүмкін.

Өскемен қаласының төтенше жағдайлар басқармасы көмірқышқыл газбен уланудың алдын алу үшін бірнеше маңызды қағиданы ұстануды ұсынады. Ең алдымен, тек техникалық тұрғыда жарамды пештер мен газ жабдықтарын пайдалану қажет. Пеш пен қазандықтың, газ құрылғыларының жағдайын тұрақты тексеріп, ақау анықталған жағдайда бірден жөндету керек. Мұржалардың жағдайы да ерекше назарда болуға тиіс. Мұржалардың тартуы жақсы екеніне көз жеткізіп, оларды үнемі тазалау – қауіпсіздіктің негізгі бір шарты. Желдету – тағы бір маңызды фактор. Үй ішін жиі желдетіп отыру қажет.

Мамандар тұрғындарды газ плитасын жылыту құралы ретінде пайдаланбауды ескертеді. Бұл үй ішінде көміртегі тотығының қауіпті мөлшерде жиналуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ гаражда автокөлік қозғалтқышын ұзақ уақыт қосулы қалдыруға болмайды. Егер қозғалтқышты іске қосу қажет болса, гараж есігін ашып, моторды мезгіл-мезгіл өшіріп отыру керек.

Егер иіс тисе, ең алдымен бөлмені дереу желдетіп, таза ауаға шығу қажет. Одан кейін жедел жәрдем шақыру – міндетті шара. Мұндай жағдайда уақытты жоғалту қауіп төндіреді.

Қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде мамандар газ датчиктерін орнатуды ұсынады. Бұл құрылғылар газдың қауіпті деңгейде жиналғанын ерте анықтап, дыбыстық дабыл береді. Қазір датчиктер қолжетімді әрі орнатуға оңай, ал олардың пайдасы өлшеусіз.

Газбен улану – алдын алуға болатын қауіп. Ол үшін жауапкершілік пен қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Жылыту маусымында әр тұрғын үйінің қауіпсіздігіне мұқият қарап, пештер мен газ жабдықтарының жағдайын бақылауда ұстауы тиіс.

**«Didar» ақпарат**


**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Курманкулов Н.Ж. 13.02.2026-19.02.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 11/3 мекенжайы бойынша кіріктірілген тұрғын емес үй-жайлары және жерасты паркингі бар көп қабатты тұрғын үй құрылысы жұмыс жобасына талқылау түрінде **қоғамдық тыңдаулар** ақпараттық хабарламасы түрінде ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізіледі. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (ndbecology.gov.kz) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ:**

**8 (7232) 75-28-22, 8 777 23 97 682**

**ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:**

**MARKETING@ALTAINEWS.KZ**

**МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ**

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Ілияс Есенберлин даңғылы, 13/5 үй, 1-ші пәтер мекенжайында тұрған **Жұмысбаев Серик Тегистикович** 07.09.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде нотариус А.М.Шакеноваға Өскемен қаласы, Қ.Сәтпаев даңғылы, 4 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Жұмыс тел: 61-23-39.

# «ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

## «DIDAR» ГАЗЕТІНІҢ

## PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ!

**Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:**

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

**3 АЙҒА, 6 АЙҒА, 12 АЙҒА**




3) **«СЕБЕТКЕ ҚОСУ»** батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін **«ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, **«ТӨЛЕМГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде

**«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ»**

батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

## «DIDAR» ҮЙІҢІЗГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ:

***Жылдам! Қолжетімді! Оңай!***




| | «Қазпошта» АҚ арқылы | | | | Редакция арқылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Индекс | 1 ай , теңге | 3 ай, теңге | 6 ай, теңге | 12 ай, теңге | Индекс | 1 ай , теңге | 3 ай, теңге | 6 ай, теңге | 12 ай, теңге |
| 19071 (жеке) | 872 | 2616 | 5232 | 10464 | 19071 (жеке) | 686 | 2058 | 4116 | 8232 |
| 19073 (жеңілдік) | 832 | 2496 | 4992 | 9984 | 19073 (жеңілдік) | 616 | 1848 | 3696 | 7392 |
| 19072 (мекеме) | | | 8003 | 16006 | 19072 (мекеме) | | | 5520 | 11040 |

## Жұлдыз-жорамал (9 – 15 ақпан)

**ТОҚТЫ** *Бұл аптада энергияң жоғары болады. Жаңа жобаларды бастауға, жоспар құруға қолайлы кезең. Жұмыста бастама көтерсең, басшылық тарапынан қолдау көруің мүмкін. Жеке өмірде ашық сөйлесу қарым-қатынасты жақсартады.*

**ТОРПАҚ** *Апта материалдық мәселелерге назар аударуды талап етеді. Ақшаны үнемдеп, жоспарлап жұмсаған жөн. Жұмыста сабыр сақтасаң, жақсы нәтижеге жетесің. Отбасымен уақыт өткізу көңіл күйіңді көтереді. Денсаулыққа байланысты дұрыс тамақтануға көңіл бөл.*

**ЕГІЗДЕР** *Қарым-қатынас пен жаңа ақпараттар аптасы болады. Келіссөздер, кездесулер, таныстықтар сәтті өтуі мүмкін. Жұмыста белсенділік танытсаң, жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бірақ уәде берерде асықпа. Жеке өмірде күтпеген жағымды жаңалық болуы мүмкін.*

**ШАЯН** *Эмоциялық тұрақтылық маңызды болады. Кейбір жағдайлар көңіліңді алаңдатуы мүмкін, сондықтан демалыс пен өзіңе уақыт бөлу қажет. Жұмыста ұқыптылық табысқа жеткізеді. Қаржыда үлкен өзгеріс жоқ. Жақын адамдарың қолдауы күш береді.*

**АРЫСТАН** *Бұл аптада көшбасшылық қабілетің байқалады. Жұмыста өз идеяларыңды батыл ұсын. Шығармашылық адамдар үшін өте қолайлы уақыт. Қаржы жағынан қосымша табыс мүмкіндігі туы мүмкін. Жеке өмірде романтикалық сәттер күтіледі.*

**БИКЕШ** *Ұйымдастырушылық қабілетің көмектеседі. Жоспарланған жұмыстарды аяқтауға жақсы кезең. Ұсақ мәселелерге шамадан тыс көңіл бөлме. Қаржы тұрақты болады. Денсаулыққа көңіл бөліп, артық шаршаудан сақтан.*

**ТАРАЗЫ** *Тепе-теңдік пен үйлесімділік аптасы. Жұмыста да, жеке өмірде де дұрыс шешім қабылдау қажет болады. Әрекет алдында жақсылап ойлан. Қаржы мәселесі баяу, бірақ тұрақты дамиды. Достармен араласу пайдалы әсер береді.*

**САРЫШАЯН** *Бұл апта өзгерістерге толы болуы мүмкін. Ішкі түйсігің дұрыс бағыт көрсетеді. Жұмыста жаңа жауапкершілік алуың ықтимал. Қаржыда табыс болуы мүмкін, бірақ шығынды бақыла. Жеке өмірде эмоцияны ұстай біл.*

**МЕРГЕН** *Белсенділік пен қозғалыс аптасы. Сапарлар, жаңа білім алу немесе жаңа жоспарлар тууы мүмкін. Жұмыста жаңа ұсыныстар болуы ықтимал. Қаржыда оң өзгеріс байқалады. Жеке өмірде жаңа таныстық болуы мүмкін.*

**ТАУЕШКІ** *Жауапкершілік пен еңбек алдыңғы орында болады. Жұмыста жетістікке жету мүмкіндігі жоғары. Қаржы жағдайы біртіндеп жақсарады. Бірақ демалысты ұмытпа. Отбасымен уақыт өткізу маңызды. Басшылық немесе ұстаздар сенің жауапкершілігіңді жоғары бағалауы мүмкін.*

**СУҚҰЙҒЫШ** *Шығармашылық пен ерекше идеяларға толы кезең. Жаңа жобаларды бастауға қолайлы уақыт. Достар мен әріптестердің қолдауы сезіледі. Қаржыда күтпеген мүмкіндік болуы мүмкін. Жеке өмірде қызықты өзгерістер күтіледі.*

**БАЛЫҚ** *Интуицияң өте күшті болады. Маңызды шешімдер қабылдауға қолайлы кезең. Жұмыста сабыр сақтасаң, табысқа жетесің. Қаржы тұрақты. Жеке өмірде сезімдер күшейіп, жақын адамдармен қарым-қатынас нығаяды. Қаржы жағынан тұрақтылық байқалады.*

**БАҚ-тың меншік иесі:**
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«**DIDAR**» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«**DIDAR**» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К.ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 8(7232)75-17-97
**Жарнама бөлімі:**
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

**«DIDAR» газетінің сайты:**
**www.didargazeti.kz**
**+7 777 239 7682**

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
Ⓡ белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143.

Көлемі 5 баспа табақ.
Газет аптасына бір рет шығады.
**Таралымы 3700**
Тапсырыс №6

2000125790822